

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 447 қаулысы.

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 6 маусымдағы
№ 447 қаулысымен
бекітілген

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттары

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттары:

1) креативті индустрияға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық қызметті жүзеге асыруы;

2) авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектісіне мүлктік құқықтарды растау;

3) зияткерлік қызметтің нәтижелерін және осындай қызметтен табыс табуды қоса алғанда, шығармашылық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыру болып табылады.

2. Креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарына сәйкестік мыналармен:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген өлшемшарт бойынша әділет, мемлекеттік кірістер органдарының, ұлттық статистика бюросының мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен;

2) 1-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген өлшемшарт бойынша тиісті авторлық немесе лицензиялық шарттың болуымен;

3) 1-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген өлшемшарт бойынша "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына

сәйкес келетін тауарды сату не қызмет көрсету (жұмысты орындау) бойынша азаматтық-құқықтық мәміле жасау фактісінің құжаттық куәлігімен, оның ішінде банктік шоттан үзінді көшірмемен расталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК